Әділет

# Білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 ақпандағы N 04/06 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 наурызда N 2241 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы N 17/24 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 20.05.2013 N 17/24 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері бекітілсін:

1) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау";

2) "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау";

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Әсем Айтжанқызы Жүніспековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі Е. Нашаров*

Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 ақпандағы N 04/06 қаулысымен бекітілген

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірліктер: уәкілетті органдардағы жауапты тұлғалар, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе оларға бағынысты жүйелер;
2) мемлекеттік қызметті алушы – жеке тұлға;
3) уәкілетті орган – "Абай ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

## 2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет орта білім беретін ұйымдармен көрсетіледі (бұдан әрі – білім беру ұйымы), (байланыс мәліметтері осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген).
3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.
4. Мемлекеттік қызмет "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 3 ақпандағы N 100 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысы , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Стационарлық емдеу-алдын алу, оңалту және басқа денсаулық сақтау ұйымдарында емдеу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру, оқу-тәрбие ұйымдарының мүгедек балаларды үйде оқытуда ата-аналарға көмек көрсету тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" 2004 жылғы 26 қарашадағы N 974 бұйрығы негізінде реттеледі.
5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны білім беру ұйымының бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

6. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 3 жұмыс күні.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00 -ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Алдын ала жазылу және жедел ресімдеу қарастырылмаған.

9. Мемлекеттік қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш алған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы білім беру ұйымына жүгінеді және өтініш береді, білім беру ұйымының басшысына құжаттар пакетін ұсынады;

2) білім беру ұйымының басшысы құжаттарды тіркейді, мемлекеттік қызметті алушының қызметті алған күні көрсетілген тізімдемені береді;

3) білім беру ұйымының басшысы келіп түскен құжаттарды тексереді, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ресімдейді, бұйрық не бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және мемлекеттік қызметті алушыға береді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкер.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер тәртібінің ( өзара іс-қимылдардың) сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) медициналық көрсеткіштер бойынша мүгедек баланы үйде оқыту қажеттілігі туралы қорытынды: жергілікті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарындағы Дәрігерлік-консультациялық комиссия береді;

2) мүгедек баланы үйде оқыту үшін білім беру бағдарламасы түрінің қорытындысы мен ұсынысы: тұрғылықты мекенжайы бойынша психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация береді;

3) білім беру ұйымы директорының атына ата-ананың еркін нысанда жазған өтініші;

4) мемлекеттік қызметті алушы ата-аналарының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесі;

5) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмесі;

6) мекенжай анықтамасы;

7) ата-аналардың жұмыс орнынан анықтама.

12. Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты Қарағанды облысы, Абай қаласы, Карл Маркс көшесі, 43 мекенжайы бойынша орналасқан "Абай ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде және www.bilim-otdel.kz. ресми сайтынан алуға болады.

13. Мемлекеттік қызметті алушылардың құжаттары білім беру ұйымының басшысына тапсырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға алатын күні белгіленген тізімдеме беріледі.

15. Көрсетілген қызметтің нәтижесін жеткізу тәсілі - мемлекеттік қызметті алушының заңды өкілінің жеке қатысуы арқылы.

16. Білім беру ұйымы осы регламенттің 11-тармағында қарастырылған құжаттар пакеті толық ұсынылмаған кезде мемлекеттік қызметті алушыға себептерін көрсете отырып, қызмет көрсетуден бас тартылғаны туралы хабарлайды.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

білім беру ұйымының басшысы.

18. Әрбір әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) дәйектілігі мен өзара іс-қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

19. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттер мен ҚФБ қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схема осы регламентке 3-қосымшада көрсетілген.

## 5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

20. Мемлекеттік қызметтің көрсетілуіне жауапты тұлға білім беру ұйымының басшысы болып табылады (бұдан әрі – лауазымды тұлға).

Лауазымды тұлға мемлекеттік қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімдерде көрсетуді іске асыру мен сапасына жауапты болады.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына

байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

## "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету бойынша байланыс деректері

| N | Білім саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын білім беру ұйымының атауы | Білім беру ұйымның заңды мекенжайы | Жұмыс кестесі | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Таңшолпан" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100101, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Калинин көшесі , 37 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 40190 | tansholpan@mail.ru |
| 2 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданының Жартас селосындағы "Жұлдыз" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100107, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Жартас селосы, Школьная көшесі | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 91387 | zsschool@rambler. |
| 3 | Қарағанды облысы Абай ауданының Юбилейное селосындағы "Мерей" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100117, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Юбилейное селосы, Мичурин көшесі | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 58119 | ilscool@rambler.ru |
| 4 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "N 9 балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100118, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Южный кенті, Абай көшесі, 23 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 56174 | kompleks_9@mail. |
| | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды | 100106, Қарағанды | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | облысы Абай ауданы Есенгелді селосының Есенгелді орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | облысы, Абай ауданы, Есенгелді селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72159) 62019 | esen@mail.kz |
| 6 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Құлаайғыр селолық округі Жаманжол селосының Жаманжол негізгі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100112, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлаайғыр селолық округі, Жаманжол селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 340417 | zzolabay@mail.ru |
| 7 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Самарка селосының Самарка жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100114, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Самарка селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 54211 | samarka-shkola@m |
| 8 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Құлаайғыр селосының Топар жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100112, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлайғыр селосы, Мир көшесі, 1 а | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 57121 | toparskayasosh @m |
| 9 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қуаныш" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100110, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кенті, Киров көшесі, 20 а | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 45619 | komplekskuanysch mail.ru |
| 10 | Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Ақбота" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100111, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Көксу селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 52674 | akbota2005@mail.r |
| 11 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Ақбұлақ" | 100108, Қарағанды облысы, Абай | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі | 8 (72153) 40186 | akbulakab@mail.ru |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | ауданы, Жартас кенті | түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | | |
| 12 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Айгөлек" балабақша-мектеп кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100115, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Сәрепті селосы, Дзержинского көшесі, 10 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (7213) 55363 | aigolekab@mail.ru |
| 13 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Вольный кентінің N 4 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100102, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Вольный кенті, Труд көшесі, 14 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 92117 | mektep4@mail.ru |
| 14 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Қызыл кентінің N 8 негізгі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы Қызыл кенті, Молин көшесі, 8 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 340746 | osh8_kzyl@mail.ru |
| 15 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Жаңа Қараған кентінің Қараған негізгі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Жаңа Қараған кенті, Сахалинская көшесі, 4 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 340133 | karagan99@mail.kz |
| 16 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Құрма селосының Құрма орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100113, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құрма селосы, Қазақстан 50 жыл көшесі, 33 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (7215) 350516 | kyrminka@mail.ru |
| 17 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Дзержинск ауылдық округі , Қойбас селосының Қойбас негізгі жалпы білім | 100115, Қарағанды облысы, Абай ауданы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 340105 | koibasabay@ mail.: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Дзержинск селолық округі, Қойбас селосы | | | |
| 18 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100116, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар кенті, Қазыбек би көшесі | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 31501 | momisch_16@mail |
| 19 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Абай Құнанбаев атындағы N 5 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100101, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы, Карл Маркс көшесі, 45 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 40982 | mektep5abai@mail |
| 20 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Сәрепті селосының Дзержинск жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100115, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Сәрепті селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 355388 | sarepta@mail.kz |
| 21 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Ақбастау орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100101, Қарағанды облысы, Абай ауданы Ақбастау селосы, Школьная көшесі | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72132) 31146 | acbsc@mail.ru |
| 22 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданының N 12 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Школьная көшесі, 12. | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 42527 | school12abay@mai |
| 23 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Агрогородок селосының Мичурин негізгі жалпы | 100104, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Агрогородок селосы, | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 90234 | michurinka@mail.r |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Школьный кварталы | | | |
| 24 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданының N 1 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Гагарин көшесі, 1 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 42526 | abschool1@mail.ru |
| 25 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "N 14 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Карл Маркс көшесі, 35а | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 42282 | scool14abay@mail |
| 26 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Шерубай-Нұра кентінің Шерубай-Нұра негізгі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100118, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Южный кенті | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 340409 | sherubai@mail.ru |
| 27 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің "Абай атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100116, Қарағанды облысы Абай ауданы, Топар кенті, Н. Әбдіров көшесі, 11 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 32097 | schkola_gimnaziya_ @mail.ru |
| 28 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "N 10 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100100, Қарағанды облысы, Абай ауданы, 2 шағын ауданы, 35а | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 42834 | school_10fdfi@ma |
| 29 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы, Абай ауданы Көксу селосының Көксу жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100111, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Көксу селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 52462 | koksush@mail.ru |
| | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы | 100110, Қарағанды облысы, Абай ауданы, | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 30 | Қарабас кентінің N 15 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қарабас кенті, Бейбітшілік көшесі, 1А | түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72131) 45474 | shkola_15@mail.ru |
| 31 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Дзержинск ауылдық округі Қоянды селосының Қоянды негізгі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100115, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Дзержинск селолық округі, Қоянды селосы | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 40116 | koyandinskaya@ma |
| 32 | "Абай ауданы білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің П. Корниенко атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 100116, Қарағанды облысы Абай ауданы, Топар кенті, Сары-Арқа көшесі, 11 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен күн сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін | 8 (72153) 31876 | cornso@mail.kz |

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

## Әрбір әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) дәйектілігі мен өзара іс-қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы

1-кесте. ҚФБ іс- әрекеттерінің сипаттамасы

| Негізгі үдеріс іс-әрекеттері (жұмыстар ағыны, барысы) | | | |
|---|---|---|---|
| Іс-әрекет N (жұмыстардың барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 |
| ҚФБ атауы | Білім беру ұйымының басшысы | Білім беру ұйымының басшысы | Білім беру ұйымы басшысы |
| Іс-әрекет (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Құжаттарды қабылдау, өтінішті тіркеу | Құжаттарды қарау | Бұйрықты тіркеу |
| Аяқталу нысаны (деректер, құжат, | | | Бұйрықты не мемлек қызмет көрсетуден |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Мемлекеттік қызметті алған күні көрсетілген тізімдемені беру | Бұйрықты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты шығару | тарту туралы дә жауапты беру |
| Орындау мерзімдері | 15 минут | 1 жұмыс күні | 1 жұмыс күні |

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

| 1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшысы | 2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшысы | 3-топ Білім беру ұйымының басшысы |
|---|---|---|
| N 1 іс-әрекет Құжаттарды қабылдау, өтінішті тіркеу, мемлекеттік қызметті алған күні көрсетілген тізімдемені беру | N 2 іс-әрекет Құжаттарды қарау | N 4 іс-әр Бұйрықты тіркеу |
| | N 3 іс-әрекет Бұйрықты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты шығару | N 5 іс-әр Бұйрықты не мемлекеттік қы көрсетуден бас тарту туралы дә жауапты беру |

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

| 1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшысы | 2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшысы | 3-топ ҚФ Білім беру ұйымының басшысы |
|---|---|---|
| N 1 іс-әрекет Құжаттарды қабылдау, өтінішті тіркеу , мемлекеттік қызметті алған күні көрсетілген тізімдемені беру | N 2 іс-әрекет Құжаттарды қарау | |
| | N 3 іс-әрекет Бұйрықты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты шығару | N 4 іс-әрек Бұйрықты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлел жауапты беру |

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

## Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттер мен ҚФБ қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схема




Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 ақпандағы N 04/06 қаулысымен бекітілген

## "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірліктер: уәкілетті органдардағы жауапты тұлғалар, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе оларға бағынысты жүйелер;

2) мемлекеттік қызметті алушы – жеке тұлға;

3) уәкілетті орган – "Абай ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

## 2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет Қарағанды облысы, Абай қаласы, Карл Маркс көшесі, 43 мекенжайы бойынша орналасқан телефон: 8 (72131) 43769, 42257 www.bilim-otdel.kz (бұдан әрі – уәкілетті орган) "Абай ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 14) тармақшасына, " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектепте тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілгені туралы анықтаманы қағаз түрінде бере отырып, жалпы білім беретін мектептерде оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке санаттарына тегін ыстық тамақ беру немесе қызмет көрсетуден бас тартатыны жөнінде дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;

3) отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

4) төтенше жағдайлардың нәтижесінде шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымдарын басқарудың қалалық органдары айқындайтын өзге де санаттағы балаларға көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет оқу жылының бойында көрсетіледі:

белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Алдын ала жазылу және жедел ресімдеу қарастырылмаған.

